

1. Негізгі ойлар

2. Глоссарий

3. Әдістемелік түсініктемелер

4. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

Қазақстанда 2023 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ, (BetterLifeIndex)) әдіснамасына сәйкес тұрмыс сапасының индексі (ТСИ) құрайтын көрсеткіштер бойынша біршама прогресс байқалды. Тұрмыс сапасы индексі көрсеткіштерінің жүйесі елдердің даму процесін сипаттау үшін ЭЫДҰ айқындаған әл-ауқаттың бірқатар индикаторларын қамтиды. Даму процесін ЭЫДҰ материалдық немесе экономикалық әл-ауқаттың өзгеруі ретінде ғана емес, сонымен бірге адамның әлеуетінің кеңеюі ретінде қарастырады.

Мәселен, «Тұрғын үй жағдайлары» аспектісінің келесі индикаторлары бойынша оң динамика байқалады:

- үй шаруашылықтарының жалпы шығыстарында тұрғын үйді күтіп ұстау бойынша қызметтерге жұмсалатын шығыстар үлесінің төмендеуі (2020 жылы 12,1% - дан 2023 жылы 11,1% - ға дейін);

- орталық кәрізбен жабдықталмаған тұрғын үйдің үлес салмағының төмендеуі (2020 жылы 11,6% - дан 2023 жылы 9,5% - ға дейін). Сонымен қатар, бір адамға шаққандағы бөлмелердің орташа саны өзгерген жоқ және 0,8 бөлмені құрады.

«Білім беру» сияқты маңызды аспект бойынша 15 жастағы оқушылардың орташа үлгерімі (математикалық жаратылыстану ғылымы және оқу сауаттылығын қамтитын PISA білім беру рейтингіне сәйкес) 2018 жылғы 402-ден 2023 жылы 411-ге дейін өсті.

«Денсаулық» аспектісі бойынша өмір сүру ұзақтығының 2020 жылы 71,37 жастан 2023 жылы 75,09 жасқа дейін өсуі байқалатынын атап өтеміз.

2. Глоссарий

Тұрмыс сапасы - адам өмірінің барлық аспектілерінің тиімділігін сипаттайтын пәнаралық ұғым.

3. Әдістемелік түсініктемелер

Тұрмыс сапасының индексі (ТСИ) есептеу сәтінде қолда бар деректерді пайдалана отырып, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) әдіснамасы негізінде есептеледі. ТСИ -бұл ЭЫДҰ халықтың физикалық жағдайлары мен өмір сүру сапасының маңызды көрсеткіштері ретінде аталған әл-ауқаттың он бір аспектісі бойынша бірқатар индикаторлар.

4. Пайдалы сілтемелер

[Тұрмыс сапасы индексі есептеу әдістемесі](#)

Шығаруға жауапты: Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н. Белоносова Тел. +77172 749022	Орындаушы: С. Керейбаева Тел. +7 7172 749806 E-mail: s.kereibayeva@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
---	--	--	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы